

Қазақстанның қор нарығына шолу

ҚАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА



2025 жылдың қорытындысы

Кезеңнің негізгі үрдістері:



- 2025 жылы ақша-несие шарттарының айтарлықтай қатаңдатылуына және қаржыландыру құнының жоғары болуына қарамастан, ішкі капитал нарығында инвесторлар мен эмитенттердің белсенділігі жоғары деңгейде сақталды.
- Елдің қор индекстері 2025 жылды оң серпінмен аяқтап, жаңа тарихи ең жоғары деңгейлерге жетті: KASE индексі 26%-ға, ал AIXQI 1,3%-дық өсім көрсетті.
- Нарықтың негізгі драйверлері жекелеген «көгілдір фишкалар» болды: жергілікті инвесторлар тарапынан ең жоғары сұраныс БЦК акцияларына (+113%), Solidcore Resources (+99%) және «ҚазМұнайГаз» қағаздарына (+49%) тиесілі болды. Бұл бағалы қағаздарға бизнестің әрі қарай өсуі мен қаржылық нәтижелердің жақсаруына қатысты күтулер, салалық трендтер (мысалы, 2025 жылы алтын бағасының шамамен 70%-ға қымбаттауы), сондай-ақ дивидендік фактор қолдау көрсетуі мүмкін.
- 2025 жылдың қорытындысы бойынша нарықтағы орташа дивидендік кіріс 9,3% деңгейінде тіркелді (2024 жылы – 5,3%). Бұл көрсеткіш дивидендік төлемдердің ұлғаюымен, сондай-ақ жекелеген эмитенттің ірі көлемдегі біржолғы төлемдерді жүзеге асыруымен байланысты болды.
- AIX және KASE индекстеріне кіретін акциялар бойынша өтімділік айтарлықтай артты: сауда-саттықтың жиынтық көлемі Т291 млрд-қа дейін ұлғайды (+49%), бұл инвесторлардың нарыққа қатысуының күшеюін және нарықтың инфрақұрылымның нығаюын айқындайды.
- Бұл ретте сауда айналымының жартысынан астамы үш бағалы қағаздың үлесіне тиесілі болды: «ҚазМұнайГаз» акциялары жалпы көлемнің 20%-ын, «Халық Банкінің» акциялары – 20%-ын және «Қазақтелеком» акциялары – 11%-ын қамтамасыз етті.
- Базалық мөлшерлеменің көтерілуі және сақталып отырған инфляциялық қысым салдарынан тәуекелсіз кірістілік қисығының көрсеткіштері жыл басымен салыстырғанда бүкіл ұзындығы бойынша айтарлықтай өсті.

- Орта мерзімді сегментте (1–3 жыл), сондай-ақ ұзақ мерзімді (3 жылдан жоғары) бөлікте де кірістілік 300 б.т.-тан астам өсім көрсетті. Бұл ретте базалық мөлшерлеме 15,25%-дан 18,0%-ға дейін, яғни 275 б.т.-қа ұлғайды.
- Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша жоғары кірістілік мөлшерлемелері бейрезиденттердің Қаржы министрлігінің облигациялары мен Ұлттық Банктің ноттарына қаражат құюын ынталандырды: олардың инвестициялары 82%-ға артып, Т1,1 трлн-нан Т2,0 трлн-ға дейін ұлғайды.
- Корпоративтік шығарылымдардың кірістілігі экономикадағы ақшаның қымбаттауының жалпы трендін көрсетті: корпоративтік облигациялар кірісінің индексі (KASE_BMY) 2025 жылы 194 б.т.-қа өсіп, жылдық 16,44%-ға жетті.
- Қаржылық жағдайдың қатаң болуына қарамастан, корпоративтік облигацияларды орналастыру белсенділігі жоғары деңгейде сақталды. Біріншілік нарықтағы жалпы көлем 37%-ға өсіп, Т3,4 трлн-нан Т4,7 трлн-ға жетті. Негізгі үлес квазимемлекеттік сектор эмитенттеріне тиесілі болды: «Бәйтерек» Ұлттық инвестициялық холдингі – Т271 млрд, Қазақстанның орнықтылық қоры – Т232 млрд, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры – Т210 млрд, ҚТК – Т200 млрд, Отбасы Банк – Т192 млрд, сонымен қатар жекелеген екінші деңгейлі банктер мен МҚҰ да маңызды үлес қосты (төменде көрсетілген).
- Ақша-несие шарттарының қатаңдығы, халықтың нақты табысының төмендеуі, салықтық ортадағы өзгерістер және әлемдік қаржы нарықтарындағы құбылмалылықтың жоғарылауы осы жылға арналған нарықтық көңіл-күйдің ұстамды әрі әртекті қалыптасуына әсер етуі мүмкін.
- Сонымен қатар, 2025 жылға күтілетін дивидендік төлемдер маусымы, алтын мен уран бағасының өсуі, сондай-ақ бейрезиденттердің қаражат құюы жергілікті акцияларға деген қызығушылықты қолдап, нарық өтімділігінің өсуі мен жергілікті нарық капитализациясының ұлғаюына жағдай жасайды.

Нарықтың негізгі көрсеткіштері*



Эмитенттер мен инвесторлар үшін шарттар*




* Деректер көздері: ҚР Ұлттық Банкінің сайттары, AIX, KASE


** әрбір эмитент үш реттен аспайды

Бағалы қағаздар нарығындағы инвесторлардың белсенділігі*

Қайталама акциялар нарығындағы негізгі инвесторлар




ҚР МБҚ-ға бейрезиденттердің салымдары




AIXQI және KASE индекстері құралдарының өзгерісі, инвестициялық басқарудағы активтер*

Өсу және құлдырау көшбасшылары



ИПБ басқаруындағы активтер



* Деректер көздері: ҚР Ұлттық Банкінің, ОД, AIX, KASE сайттары

** AIX және KASE листингі

© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

Резюме

Индекстердің оң динамикасы аясында еліміздің қор нарығының капитализациясы 2025 жылдың қорытындысы бойынша 46,7 трлн теңгеге дейін (+8,1%) немесе ЖІӨ-ге шаққанда 28,9%-ға дейін өсті; инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) басқаруындағы активтер 1,9 трлн теңгеге дейін (+53,3%) немесе ЖІӨ-ге шаққанда 1,2%-ға дейін артты.

Бұл ретте 2025 жылы нарық бойынша орташа дивидендтік кірістілік те айтарлықтай өсіп, бір жыл бұрынғы 5,3%-дан 9,3%-ға дейін көтерілді. Өткен жылы 7 компания дивиденд төледі, оның ішінде арнайы дивидендтер де бар.

Жоғары дивидендтік кіріс пен акция бағаларының өсуін қосқанда тәуекелге қатысты тартымды табыс нормасын қалыптастырады және елдегі инфляциядан (2025 жылғы қорытынды бойынша 12,3%) айтарлықтай озып тұр. Сонымен бірге, сауда өтімділігінің өсуі мен айналымның шоғырлануы инвесторлардың кәсіби көзқарасының күшеюін және институционалдық қызығушылықтың артуын көрсетеді.

МБҚ (мемлекеттік бағалы қағаздар) мен корпоративтік облигациялар бойынша кірістіліктің артуы капиталдың қымбаттауының жалпы трендін көрсетеді. Бұл ретте шикізат бағасының төмендеуі және жүйедегі мөлшерлемелердің жоғары болуы жағдайында бейрезиденттердің ҚР МБҚ-ға салған инвестицияларының өсуі борыштық және валюталық нарықтарға қолдау көрсетті.

Мөлшерлемелердің жоғары болуына қарамастан, корпоративтік орналастырулардың жандануы жекелеген эмитенттердің қаржыландыру құнының жоғары жағдайына бейімделе білетінін және инвестициялық белсенділікті сақтай алатынын көрсетеді.

2026 жылы жүйеге өтімділік тартудың негізгі драйверлері ретінде компаниялардың дивидендтік саясаты, олардың ақша ағындары мен қаржылық көрсеткіштерінің тұрақтылығы, тауарлық-шикізат нарығындағы жағдай және жаһандық тәуекелге деген сұраныс қызмет етуі мүмкін, ал жоғары пайыздық мөлшерлемелер мультипликаторлардың қайта бағалануының шектеулі болуына ықпал етеді.